



"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 қараша N 1660

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне K941000_ (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 жылғы 3 және 7 тамызда "Егемен Қазақстан" және 1999 жылғы 3 және 5 тамызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Z990436_ Заңы; 1999 жылғы 9 қарашада "

Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазыналық кәсіпорындар қызметінің мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 4 қарашадағы Z990472_ Заңы):

1) 49-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1)-тармақшамен толықтырылсын:
"2-1) заңды тұлғаны әрекетсіз деп тану.

Қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асырмаған, белгіленген ұсыну мерзімінен кейін бір жыл өткен соң жиынтық жылдық табысы туралы декларация ұсынбаған және көрсетілген кезеңде банктік шоттарда қаражат қозғалысы болмаған заңды тұлға әрекетсіз заңды тұлға болып табылады."

2. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңес Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 3-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 784-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2000 жылғы 13 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 ш і л д е д е г і

З а ң ы) :

9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 52) тармақшамен толықтырылсын:
"52) заңды тұлғалардың мөрлерін әзірлеуге байланысты қызмет."

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 сәуірдегі Z952235_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; N 17-18, 224, 225-құжаттар; 1999 ж., N 5, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; N 23, 928-құжат; N 24, 1067-құжат; 2000 ж., N 3-4, 65, 66-құжаттар; 2000 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 ш і л д е д е г і

Z000065_

З а ң ы) :

1) 65-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Тауарларды, жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) жөнелтуді іс жүзінде жүзеге асырмаған қосылған құн салығын төлеуші жазып берген шот-фактура, сондай-ақ қосылған құн салығы бойынша есепте тұрмаған салық төлеуші жазып берген және қосылған құн салығының сомасы енгізілген шот-фактура жалған шот-фактура деп т а н ы л а д ы .

Салық төлеушілердің жалған шот-фактураларды пайдалануы Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген салдарларға әкеп соғады."

2) 139-1-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Бұл ретте, аумақтық салық органдары салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешегі жоқ әрекетсіз заңды тұлғаларды салық есебінен шығаруға қ ұ қ ы л ы . " ;

3) 171-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы - 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

" 2 - 1) с о т т а :

оны әрекетсіз деп тану негізінде заңды тұлғаны тарату туралы; заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда талап-арыз беруге."

4. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Z970067_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-күжат; N 13-14, 205-күжат; 1998 ж., N 14, 198-күжат; N 17-18, 225-күжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Әрекетсіз борышкер - көрсетілген кезеңде өзінің банк шоттары бойынша қандай да болсын операция жүргізбеген және белгіленген мерзімнен кейінгі бір жыл өткеннен кейін жиынтық жылдық табысы туралы декларация тапсырмаған, қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асырмаған және несиелік берешегі бар заңды тұлға."

2) 3-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың нормалары әрекетсіз борышкерге несие берушілердің талаптарына қ о л д а н ы л м а й д ы . " ;

3) 9 4 - б а п т а :

тақырыбындағы "жоқ" деген сөзден кейін "және әрекетсіз" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мәтіндегі "жоқ" деген сөзден кейін "әрекетсіз" деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақта "жағдайларда" деген сөз "болмаса борышкер әрекетсіз болып табылған, не" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жоқ (әрекетсіз) борышкерде конкурстық масса болмаған жағдайда, сот уәкілетті органның өтініші бойынша салық органы тапсырған растаушы құжаттар негізінде банкроттық туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

Несие берушілердің келісімімен сот конкурстық іс қозғамай-ақ жоқ әрекетсіз

борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарады.

Мұндай жағдайда, соттың жоқ (әрекетсіз) борышкерді банкрот деп тану туралы шешімінде мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) борышкерді конкурстық іс қозғаусыз тарату туралы;
- 2) әрекетсіз борышкерді таратуды жүргізуді уәкілетті органға тапсыру туралы;
- 3) шешім шығарылғанға дейін сотқа жүгінген несие берушілер мәлімдеген талаптардың мөлшері туралы."

3-тармақта "борышкерді таратуды" деген сөздерден кейін "осы баптың 2-1-тармағында көзделген жағдайлардан басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 9 5 - б а п т а :

тақырыбында "жоқ" деген сөзден кейін "және әрекетсіз" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Конкурстық масса болмаса, әрекетсіз борышкерді банкрот деп тану және оны тарату туралы хабарландыруды уәкілетті орган орталық әділет органының ресми баспа басылымында жариялайды. Хабарландыруды жариялаумен байланысты баспа басылымының шығындары несие берушілердің талаптары тізіліміне енгізіледі.

Уәкілетті орган осы Заңда белгіленген тәртіппен несие берушілердің талаптары тізілімін жасайды.

Несие берушілер талаптары тізілімін бекіту әрекетсіз борышкерді тарату үшін негіз болып табылады.

Егер борышкерді тарату процесінде оның мүлкі бар екені анықталса, сот конкурстық іс тағайындау туралы ұйғарым шығарады, ол осы Заңның 6 тарауында белгіленген ережелер бойынша жүзеге асырылады."

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК